PLAY BREAKS

КҮНДЕЛІКТІ ОЙЫН СӘТТЕРІ

Балаңызбен ойнау үшін үлкен кеңістік немесе мінсіз жоспар керек емес. Ойын күн ішінде балаңызбен бірге өткізетін сәттердің өзінен табылады. Бұл бөлімде күнделікті тіршілікке оңай енгізуге болатын, таңертең, тамақтану кезінде, кезекте тұрғанда, ұйқыға дайындалғанда және кез келген басқа уақытта ойын үзілісін жасауға арналған көптеген көңілді әрі қарапайым идеялар бар.

КӨҢІЛДІ ОЯНУ

(таңертеңгі рәсімдер)

Таңертең бір-біріңізге күлкілі немесе эмоцияға толы етіп бет-аузыңызды тыржитып көңілді сәлем беріңіздер (ойынға кештен бастап дайындалуға да болады: оянған бойда қандай күлкілі бет-әлпет жасайтындарыңызды алдын ала келісіп алыңыздар. Мысалы: «Ертең таңертең ұйқылы тасбақалар сияқты оянайықшы!» - деуге болады.

Пайдасы неде

Эмоциялық байланысты нығайтып, жағымды көңіл күй орнатады.

Байланыс орнатуға арналған ақыл-кеңес

Келесі күні қандай күлкілі бет-әлпет жасау керегін балаңыздың өзіне таңдауға мүмкіндік беріңіз.

1-2 мин **Күнделікті ойын уақыты**

МЕНІ БАСТАП АПАР

Балаңызбен (көлікке немесе саябаққа қарай) таныс жолмен келе жатқанда, оған өзіңіздің "GPS-навигатор" болуды ұсыныңыз. Ол сізге қашан солға немесе оңға бұрылу, қашан тоқтау немесе "турбожылдамдық қосу" керектігін айтып отырады.

Пайдасы неде

Бұл ойын балаға бастаманы өз қолына алуға мүмкіндік беріп, өзіне деген сенімділігі мен шешім қабылдау қабілетін дамытады, сондай-ақ кеңістіктік ойлауын және бағдар табу дағдыларын дамытады.

Байланыс орнатуға арналған ақыл-кеңес

Егер бала сізді әдейі "дұрыс емес" жолға бастаса, бірнеше қадамды оның айтқанымен жасаңыз. Бұл жерде баратын жерге тез жетуден гөрі, бірге көңіл көтеріп, мәз болу маңыздырақ.

2-3 мин **Күнделікті ойын уақыты**

РЮКЗАК ІШІНДЕГІ ТОСЫН СЫЙ

Балаңыз мектеп рюкзагынан немесе басқа бір жерден тауып алатындай етіп әзіл жазылған шағын хат, сурет немесе қызықты тапсырма хат қалдырыңыз (оны, мысалы, аяққиімінің ішіне, жастықтың астына, таңғы ас кезінде тәрелкенің астына немесе күртесінің қалтасына салып қоюға болады).

Пайдасы неде
Күн бойы сақталатын эмоциялық байланыс сезімін қалыптастырады.

Байланыс орнатуға арналған ақыл-кеңес
Балаңызға келесі жолы сізге де тосынсый жасауды ұсыныңыз.

2-3 мин **Күнделікті ойын уақыты**

КӨРІНБЕЙТІН ДОП

Көзге көрінбейтін және көлемі мен салмағы өзгеріп отыратын ғажап допты бір-біріңізге лақтырып, қайта қағып алып жатқандай болыңыздар.

Пайдасы неде
Қиялды дамытып, бірлесіп әрекет етуге ықпал етеді.

Байланыс орнатуға арналған ақыл-кеңес
Балаңызға ойын ережесін өзгертуге мүмкіндік беріңіз.

2-5 мин **Күнделікті ойын уақыты**

МЕН КІММІН?

Кішкентай ойыншықты арқаңыздың артына жасырып, оны тұспалдап сипаттаңыз. Балаңыз оның қандай ойыншық екенін табуы керек.

Пайдасы неде
Тыңдау және ой қорыта білу машығын дамытады.

Байланыс орнатуға арналған ақыл-кеңес
Балаңызбен рөлдерді алмастырыңыз: біріңіз сипаттайсыз, екіншіңіз табасыз.

5-10 мин **Күнделікті ойын уақыты**

СИҚЫРШЫ БОЛ

Металл ожауды домалақ бөлігін көрермендерге қаратып, сабын қолтығыңыздың астына қысып ұстаңыз. Ожауды саусақтарыңыздың ұшымен сәл ғана ұстап тұрып, содан кейін ақырын босатыңыз. Қолыңызды оның айналасында баяу қозғалтып, металл шар ешқандай тірексіз ауада қалықтап тұрғандай әсер қалдырыңыз.

Пайдасы неде
Көрермендер алдында «сиқыр» көрсету балаға өзін мақтан тұтуға, көпшіліктің назары өзіне ауғанда өзін сенімді сезінуге көмектеседі, сондай-ақ өзіне деген сенімділігі мен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытады.

Ата-аналарға кеңес
Ойынды мінсіз нәтиже көрсету керек болатын қатаң қойылымға айналдырмай, жеңіл әрі көңілді өткізіңіз. Балаңыздың жетістігін ғана емес, талпынысын да бағалаңыз.

10-15 мин **Күнделікті ойын уақыты**

ЖОЛ ҮСТІНДЕ АЙТЫЛҒАН ХИКАЯ

мектепке барарда немесе үйге қайтар жолда)

Жол жүріп бара жатқанда бірге хикая құрастырыңыздар. Әңгімеге кезекпен бір сөйлемнен қосып отырыңыздар (мысалы: "Біз көрген ит шын мәнінде детектив екен...", "...ол жоғалған печеньені іздеп жүр екен").

Пайдасы неде
Қиялды дамытып, кезекпен өзара әрекет етуге үйретеді.

Ата-аналарға кеңес
Әңгіме желісінің балаңыздың қиялына қарай өрбуіне мүмкіндік беріңіз.

5-10 мин **Күнделікті ойын уақыты**



ҚИЯЛДАҢЫЗДАР!

Үлкен ақ қағазға бірдей 3-5 шеңбер салыңыз. Балаңызға маркер немесе түрлі түсті борлардың көмегімен әр шеңберді басқа затқа (мысалы, бет-бейне, апельсин сияқты жеміс немесе доп пен сағат секілді заттарға) айналдыруды ұсыныңыз.

Пайдасы неде
Баланың дивергенттік ойлауын дамытып, бір бастапқы нүктенің шексіз мүмкіндікке жол ашатынын түсінуіне көмектеседі.

Ата-аналарға кеңес
Сіздің алдымен аюдың құлағы немесе гүлдің күлтелері сияқты ұсақ бөлшектерді өзіңіз салып, содан кейін балаңызға суретті бояуды тапсыруыңызға болады.

10-15 мин **Күнделікті ойын уақыты**